

**Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен
өту нұсқаулығы**

1. Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен (бұдан әрі – тестілеу) өту үшін келесі сілтемені басу қажет:

www.grt.kz



2. Тестілеуден өту үшін «Тіркелу» батырмасын басу қажет.
Ашылған терезеде келесі деректерді толтыру керек:

- ✓ ЖСН;
- ✓ Аты;
- ✓ Тегі;
- ✓ Телефон нөмірі;
- ✓ Электронды поштасы;
- ✓ Құпия сөз;
- ✓ Туған күні, айы, жылы;
- ✓ Жынысты таңдау: ер немесе әйел

3. Барлық деректерді толтырғаннан кейін «Тіркелу» батырмасын басу қажет.

ТІРКЕЛУ

ЭЦҚ арқылы тіркелу  Сертификатты таңдау

ЖСН

Аты

Тегі

Телефон

Пошта

Құпия сөз

Құпия сөз

Туған күні

кк/аа/жжжж

Активация
Чтобы активи

4. Тіркелгеннен кейін «Кіру» батырмасы арқылы авторизациядан өту керек. Авторизациядан өтудің екі жолы бар:

✓ **логин мен құпия сөзді қолдану:** логин ретінде ЖСН жазу керек, сонымен қатар тіркеу кезінде қолданған құпия сөзді енгізу қажет;

✓ **электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) көмегімен:** бұл жағдайда жеке тұлға ЭЦҚ пайдалануы тиіс. Әрі қарай «Кіру» батырмасын басу керек.

Тестілеуден өту тек Windows операциялық жүйесінде жүзеге асырылады.


КІРУ

⚠ Жүйе тұрақты жұмыс істеу үшін ТЕК Chrome браузерін қолдану керек. [Cis Chrome-ды осы жерден жүктей аласыз.](#)

Кіру әдісін таңдаңыз

ЖСН/құпия сөз
ЭЦҚ

ЖСН

Құпия сөз

☐ Мені есте сақтау

[Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?](#)

Кіру

Тіркелу

Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Жеке кабинет

60 минут

Сынақ тест тапсыру

Бұл жерде тест құрылымымен танысып, орындай аласыз. «Тыңдалым», «Лексика және орфография», «Оқылым» бөліктері автоматты түрде бағаланады. «Жазылым» және «Сұхбат» бөліктері бағаланбайды.

Сынақ тест тапсыру

▲ Жүйе тұрақты жұмыс істеу үшін TEK Chrome браузерін қолдану керек. Сіз Chrome-ды осы жерден жүктей аласыз.

!

ТЕСТ ТАПСЫРУШЫ ЖАУАПТЫ:

- компьютер немесе ноутбук арқылы тапсыруға;
- кемінде секундына 5 Мб тұрақты интернет жылдамдығының болуына;
- камера мен микрофонның дұрыс жұмыс жасауына;
- шрифті қазақ тіліне қоюға;
- жарықтың дұрыс түсуіне және бет-әлпетінің толық көрінуіне;
- басқа адамның көмегінсіз өзі орындауға;
- смартфондағы 360 камера тестілеудің соңына дейін қосылып тұруына.

ЕСКЕРТУ!

- 5 бөліктің 1 бөлігінде дұрыс жауабы болмаған немесе орындалмаған жағдайда;
- камера, микрофон және смартфон (360) соңына дейін қосылмаған жағдайда **жұмыс жойылады!**

Тестілеуден өту

Авторизация аяқталғаннан кейін сіздің жеке кабинетіңіз ашылады, онда келесідей хабарландыру көрсетіледі:

ТЕСТ ТАПСЫРУШЫ ЖАУАПТЫ:

- компьютер немесе ноутбук арқылы тапсыруға;
- кемінде секундына 5 Мб тұрақты интернет жылдамдығының болуына;
- камера мен микрофонның дұрыс жұмыс жасауына;
- шрифті қазақ тілінде қоюға;
- жарықтың дұрыс түсуіне және бет-әлпетінің толық көрінуіне;
- басқа адамның көмегінсіз өзі орындауға;
- смартфондағы 360 камера тестілеудің соңына дейін қосылып тұруына.

ЕСКЕРТУ!

- 5 бөліктің 1 бөлігінде дұрыс жауабы болмаған немесе орындалмаған жағдайда;
- камера, микрофон және смартфон (360) соңына дейін қосылмаған жағдайда **жұмыс жойылады!**

Бұл жерде тест құрылымы және мазмұнымен танысу үшін **60 минуттық сынақ тестінен өтуге болады**. Ол үшін «Сынақ тестінен өту» батырмасын басу керек.

Жеке кабинет

60 минут

Сынақ тест тапсыру

Бұл жерде тест құрылымымен танысып, орындай аласыз. «Тыңдалым», «Лексика және орфография», «Оқылым» бөліктері автоматты түрде бағаланады. «Жазылым» және «Сұхбат» бөліктері бағаланбайды.

Сынақ тест тапсыру

Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Тестілеуді бастаңыз. Негізгі тестілеу.

QAZAQ RESMI TEST (QRT) 5 бөліктен тұрады және 5 тілдік дағдыны тексереді:

- **Тыңдалым:** ақпаратты есту арқылы қабылдауы (5 тест сұрағы, 10 минут);
- **Лексика және орфография:** тілдік емле ережелерді білуі (10 тест сұрағы, 10 минут);
- **Оқылым:** мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтауы (10 тест сұрағы, 15 минут);
- **Жазылым:** аргументті мәтін құрастыруы (кем дегенде 10 сөйлем, 15 минут);
- **Сұхбат:** қойылған сұрақтар бойынша нақты жауап бере отырып, көзқарасын білдіруі (3 сұрақ, 10 минут).

Тестілеуді бастау үшін «Тестілеуді бастау» батырмасын басу керек.

Тест тапсыру үшін төлемақы төлеу қажет
Төлемақыдан кейін «Тесттен өту» батырмасы белсендіріледі
Тестілеуге дайындалу үшін сынақ тест тапсыруға болады.



10 000 KZT
Тест төлемақысын төлеу
Төлемақы жасап, қазір не басқа да қалаған уақытыңызда тест тапсырыңыз

Төлеу



Промокодты қолдану
Промокод
Егер сізде промокод болса, онда оны енгізіп "Промокодты қолдану" батырмасын басыңыз

Промокодты қолдану

Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Сізге келесі батырмалардың бірін таңдау керек:

«Ақы төлеу» немесе «Промокод».

«Ақы төлеу» батырмасын басқанда келесідей терезе ашылады, онда «Төлеу» батырмасын басу арқылы төлем жасалады.



Егер Kaspi QR арқылы төлем әдісі таңдалса, QR коды бар терезе ашылады, QR-ды сканерлеп, төлем жасауға болады.



Kaspi QR

Сканируйте и платите


10 000,00 ₸



Услуга Qazaq resmi test - онлайн тестирование

Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Егер промокод иесі болса, оны енгізіп, **«Промокодты іске қосу»** батырмасын басу керек.



10 000 KZT
Тест төлемақысын төлеу
Төлемдер жасап, қазір не басқа да қалаған уақытыңызда тест тапсырыңыз


Төлеу

Промокодты қолдану
Промокод
Егер сізде промокод болса, онда оны ментен "Промокодты қолдану" батырмасын басыңыз

WDWJVE7N

Промокодты қолдану

Ашылған терезеде **«Пайдаланушы келісімімен»** танысып, **«Бастау»** батырмасын басу керек.



Бастау > Жеке тұлғаны сәйкестендіру > Дайындалу > Қосылу

Бастау

Бастау түймесін басу арқылы Сіз Пайдаланушы келісімімен келісесіз

Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Пайдаланушы келісімі

Тестілеуді бастау үшін осы ережелермен танысып, өткізу шарттарына келісім беру қажет.


Жүйе тестілеу нәтижелеріне сенім деңгейін автоматты түрде бағалайды, ол төменде сипатталған факторларға тікелей байланысты.

Тестілеу барысында келесі ережелерді ұстану жақсы жетістіктерге деген сенімді арттыруға көмектеседі:


- сіз аудио және бейнежазбаны, содан кейін тестілеудің аудио және бейнежазбасының сақталуына келісім бересіз;
- сіз тестілеуді жеке өзіңіз тапсырасыз және бөгде адамдардың болмауын қамтамасыз етесіз;
- сіз орныңыздан тұрып кетпейсіз, назарыңызды экраннан алыстатпайсыз/жан-жаққа бұрылмайсыз;
- көріністі жабуға, бейнекамераны өшіруге, телефонмен сөйлесуге рұқсат етілмейді;
- сіз басқа тұлғалардың дербес компьютерге (қашықтан қол жеткізу бағдарламалары арқылы) қол жеткізуіне мүмкіндік беретін бөгде бағдарламалық жасақтаманы, аудио гарнитураны (құлаққаптарды), көмекші электрондық, баспа, қағаз және өзге де материалдарды, сондай-ақ заттарды пайдаланбайсыз және олардың болмауын қамтамасыз етесіз;
- сіз жүйенің сұрауы бойынша тестілеу кезінде өзіңіз отырған бөлмеге (360 градус) айнала шолу жасайсыз;
- веб-камера міндетті түрде адамның жүзі қамтылатындай етіп орнатылуы керек, камераны бір жағынан/бүйірінен орнатуға жол берілмейді;
- адамның басы кадрда толығымен көрінуі керек, камераның көріну аймағынан ішінара немесе толықтай шығып кетуге жол берілмейді;
- адамның жүзі веб-камераның көру аймағының ортасында болуы тиіс;
- басты жан-жаққа (оңға, солға, төмен және жоғары) бұруға тыйым салынады;
- адамның бетіне/жүзіне жарық біркелкі түсуі қажет, жарық көзі тікелей камераға бағытталмауы немесе беттің жартысын ғана жарықтандырмауы керек;
- адамның бет әлпетін шаш, киім, қол немесе басқа да нәрсе жаппауы тиіс;
- күннен қорғайтын көзілдірік тағуға рұқсат етілмейді, тек компьютермен жұмыс істеуге арналған мөлдір линзалы көзілдірікті пайдалануға болады;
- бөлмеде басқа адамдар болмауы керек;
- емтихан кезінде жұмыс орнынан тұрып кетуге тыйым салынады;
- процесс барысында дауыстар немесе шу болмауы керек;
- емтиханды тыныш жерде тапсырған дұрыс;
- емтиханнан өту терезесі бүкіл экранға көрсетіліп тұратын браузер болуы тиіс, басқа қосымшаларға/бағдарламаларға (басқа браузерлерді қоса алғанда) ауысуға немесе браузерді қайыруға, қосымша парақшаларды (беттерді) ашуға, браузерді жабуға тыйым салынады;
- компьютерде браузерден басқа веб-камераны пайдаланатын бағдарламалар өшірілуі тиіс;
- кандидаттан интернет байланыстың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету талап етіледі;
- емтихан материалдары мен мазмұнын қандай да бір жолмен жазып алуға, сондай-ақ оларды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады;
- дыбыстық, визуалды немесе басқа да кеңестерді пайдалануға тыйым салынады.

Жүйені алдау әрекеті анықталған жағдайда емтихан нәтижелері жойылады.

Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы




Келесі қадам - Жеке тұлғаны растау. Көрсетілген нұсқаулық бойынша кодты енгізіп, «**Жіберу**» батырмасын басыңыз.




Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Әрі қарай жүйе **құрылғыны тексереді**.


Сіздің міндетіңіз – тексерудің аяқталуын күту және жүйенің ұсынысын орындау.



Мысалы, жүйенің келесідей ұсынысына сәйкес қажетті рұқсатты алу үшін «Жүктеу» батырмасын басу керек:



Осыдан кейін келесі терезе ашылады, онда «Орнату» батырмасын басып, орнатуды аяқтағанша күту керек, бұл шамамен 1-2 минутты алады.




Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы



Орнатқаннан кейін «Қайталау» түймесін басу керек. Әрі қарай жүйе құрылғыны тексеруді жалғастырады.

Маңызды! Егер жүйе микрофон мен камераны пайдалануға рұқсат сұраса, ӘРҚАШАН «Рұқсат ету» батырмасын басу керек.

Барлық құрылғыларды тексергеннен кейін жүйенің қосымша нұсқауларын орындау қажет. Келесі қадам – «фотосурет жіберу».




Сізге суретке түсіп, оны жіберуіңіз керек.



Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Фотосуретті сәтті өндегеннен кейін келесі терезе шығады, онда «Бөлісу» батырмасын басу арқылы экранмен бөлісу керек:



Одан кейін жүйе сізге 360 камерасын пайдалануды ұсынады. Ол үшін экранға шығарылатын QR код арқылы мобильді камераны қосу керек.


Смартфоныңыз арқылы QR кодты сканерлеп, алынған сілтемені смартфонда ашу керек.

Маңызды! Ол үшін Android-те Chrome браузерін немесе IOS-та Safari-ді пайдалану қажет.




Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы


QR кодты сканерлеп, көрсетілген сілтемеден өткеннен кейін келесі терезе ашылады. Онда «Бастау» батырмасын басасыз:



Сосын «Жалғастыру» бастырмасын басуыңыз керек:



Содан кейін «Дайын» батырмасын басасыз:




Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

Қосымша камераны орнату ережелері

Мобильді камераны жұмыс үстелі, сіздің профиіңіздің бір бөлігі және монитордың артындағы аймақ көрінетіндей етіп орналастырыңыз. Мобильді камера пернетақтадан шамамен 50 см қашықтықта орналасуы керек.


Төменде камераны дұрыс орнатылған және дұрыс орнатылмаған суреттер көрсетілген.




Тексеруден толық өткеннен кейін тест сұрақтарының терезесі ашылады. Тестілеу 5 бөліктен тұрады, тест тапсырушының 5 тілдік дағдысын анықтайды:

- **Тыңдалым:** ақпаратты есту арқылы қабылдауы (5 тест сұрағы, 10 минут);
- **Лексика және орфография:** тілдік емле ережелерін білу сауаттылығы (10 тест сұрағы, 10 минут);
- **Оқылым:** мәтінді оқып, негізгі ақпаратты анықтауы (10 тест сұрағы, 15 минут);
- **Жазылым:** аргументті мәтін құрастыруы (кем дегенде 10 сөйлем, 15 минут);
- **Сұхбат:** қойылған сұрақтар бойынша нақты жауап бере отырып, көтерілген мәселе бойынша көзқарасын білдіруі (3 сұрақ, 10 минут)

Тестілеуді бастау үшін «Тестілеуді бастау» батырмасын басу керек.



Сұрақты оқып, жауап нұсқаларының бірін тандап, «Сақтау» батырмасын басу керек.



Кезекті бөлімге ауысатын кезде жүйе «Сіз «Тыңдалым» бөлігін аяқтап, «Лексика және орфография» бөлігіне өткіңіз келе ме?» – деп сұрайды. Сол кезде «ОК» батырмасын басу керек.

Қазақ тілін білу деңгейін анықтаудың онлайн тестілеуінен өту нұсқаулығы

«Жазылым» бөлігі

Бұл бөлімде сізге тапсырма мен сұрақ беріледі, оған жазбаша түрде мәтін жазуыңыз қажет. Мәтін жазу үшін арнайы орын көрсетіледі, аргументті мәтінді сол жерге жазасыз.

The screenshot shows a user interface for a writing task. On the left, there is a blue circular icon with a pencil and the text 'Жазылым' (Writing). Below it, a timer shows 'Тест уақыты' (Test time) as '0: 14: 53'. The main area contains the task instructions: 'Тапсырма: Жағдаятта айтылған негізгі ойдың өзектілігін ашып, кем дегенде 10 сөйлемнен тұратын аргументті мәтін жазыңыз.' (Task: In the situation, reveal the relevance of the main idea, write an argumentative text of at least 10 sentences). Below this, a paragraph of text is provided: 'Тарихи деректер негізінде қойылған фильмдер нақты болуы керек, қарап отырған адамда сенімсіздік ой туындамауы қажет. Сіз осы пікірмен келісесіз бе? Аргументті ойыңызды жазбаша беріңіз.' (Based on historical data, films put forward must be accurate, a person watching must not have doubts. Do you agree with this opinion? Express your argumentative opinion in writing). A large text box labeled 'Жауапты жазыңыз' (Write your answer) is provided for the response. At the bottom right of the interface is a blue button labeled 'Сақтау' (Save).

Берілген тақырыпқа сәйкес 10 сөйлемнен кем болмайтын аргументті мәтін жазу керек. Ойыңызды нақты және жүйелі түрде баяндауға тырысыңыз. Жеке пікіріңізді, мысалдарыңыз бен дәлелдеріңізді қолданыңыз.

Назар аударыңыз: пернетақта тілін қазақ тіліне алдын ала ауыстыру керек.

✓ Жазуды аяқтаған соң, «Сақтау» батырмасын басып, жауабыңызды сақтап қойыңыз.

«Сұхбат» бөлігі

Бұл бөлімде сізге нақыл сөз және оған қатысты үш сұрақ беріледі.



Сұхбат

Тест уақыты

0: 9: 54



>3 сұраққа жауап бергеннен кейін "Аяқтау" батырмасын басыңыз.

Тапсырма: Әбіш Кекілбайұлының «Арлы адам – ең күшті адам. Оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, екіншісі болуы мүмкін емес» - деген нақыл сөзі бойынша құрастырылған сұрақтарға жауап беріңіз. Әр сұраққа кем дегенде 3 сөйлеммен жауап беруіңіз сұралады.

1 - сұрақ: Автор «Арлы адам – ең күшті адам. Оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, екіншісі болуы мүмкін емес» -деген нақыл сөзі арқылы бізге қандай ақпарат жеткізді?

2 - сұрақ: «Арлы адам – ең күшті адам. Оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, екіншісі болуы мүмкін емес» - деген нақыл сөз неліктен өзекті?

3 - сұрақ: «Арлы адам – ең күшті адам. Оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, екіншісі болуы мүмкін емес» - деген нақыл сөзге көзқарасыңыз қандай?

Аяқтау

Сіздің міндетіңіз — дәлелдемелер (аргументтер) қолданып, 3 сұраққа жан-жақты жауап беру. Сіз нақыл сөзде көтерілген мәселенің өзектілігін ашып, өз көзқарасыңызбен талдап, 5-7 минут пікір білдіруіңіз керек. Сіздің жауабыңыз автоматты түрде жазылады, қосымша ешқандай батырманы басудың қажеті жоқ. Жауабыңыз нақты, пікіріңіз анық, көзқарасыңыз дәлелді болуы тиіс. Берілген нақыл сөздің мағынасын түсініп, ойыңызды жүйелеп, үш сұраққа нақты жауап беруіңіз қажет.

✓ Сұхбат сұрақтарына жауап бергеннен кейін, «Аяқтау» батырмасын басып, жазбаны жіберіңіз.

Тест бөліктерінің барлық тапсырмасын орындағаннан кейін «Жеке кабинетке оралу» терезесі шығады.

Жұмысты тексеру үшін 2 күн қажет. Сарапшылар жұмысты тексергеннен кейін электронды поштаға хабарлама келеді. Содан кейін жеке кабинетке кіріп, сертификатты жүктеп алуға болады.

Сәттілік тілейміз!